

Қарғалы ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 09 қыркүйектегі № 308 қаулысының күшін жою туралы

Ақтөбе облысы Қарғалы ауданының әкімдігінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 23 қаулысы

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 21-1 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31, 37 баптарына сәйкес, Қарғалы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Қарғалы ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 09 қыркүйектегі № 308 "Қарғалы ауданының атқарушы органдары "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалау әдістемесін бекіту туралы" қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4533 болып тіркелген, аудандық "Қарғалы" газетінде 2015 жылдың 22 қазандағы № 49 (4859) санында және 2015 жылдың 16 қазанында "Әділет" АҚЖ-де ресми жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппараты басшысының міндетін атқарушы Қ.Ізтілеуге жүктелсін.

Қарғалы ауданының әкімі

Р.М.Сыдықов